

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына қосымша

Профессорлық-оқытушылық құрамына, Phd-доктор, магистранттарға арналған «Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (72 сағ)

**Бағдарлама авторы:
Таспулатова Калдыгуль
Турганбаевна-Т.Ғ.М., аға оқытушы**

Профессорлық-оқытушылық құрамына, Phd-доктор, магистранттарға арналған «Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (72 сағ)

1. Жалпы ережелер

1. Өтілетін курстың басты бағдары – Жоғары оқу орындарында білім беретін оқытушылар пәндері бойынша студенттерге сабақ беру барысында қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашыл тәсілдерін қолдана отырып, осы бағытқа негізделген пәнаралық байланыстар негізінде білім, тәрбие беру.

2. Отанын патриоттар мекеніне айналдыру Әлем елдерінің ең өзекті мәселелерінің бірі. Кез-келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Қазіргі таңда елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеу - маңызды мәселеге айналуға. «Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының өзектілігі - қазақстандық патриотизмнің қасиеттері мен құндылықтарын, патриоттық тәрбиенің түрлері мен тәсілдерін сабақтарда қолдана отырып, нәтижелі тәрбие беру.

3. Бағдарлама сапалы білім беруді дамыту мен Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесінің тенденциясын қажетті теориялық және практикалық дағдыларын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Глоссарий

Әдістеме - педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін сала.

Отан – табиғи, тарихи, әлеуметтік, саяси, мәдени орта, адам баласының тіршілігінің негізі. Туған ел, туған жер, туған өлке.

Жаңашылдық әдістеме – озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау әдістері. Педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі.

Скаут қозғалысы – халықаралық жасөспірімдер қозғалысының бірі, жастарды тәрбиелеудің педагогикалық әдістемелеріне негізделген қозғалыс.

Патриотизм – тарихи, әлеуметтік ұғым. Отанға деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік, өз Отанының мүддесі үшін кез-келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидағтары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Қазақстандық патриотизм - тек қазақтардың ғана емес Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық ұлттардың өз Отанына, Қазақ еліне деген сүйіспеншілігі.

Тәуелсіз ел - ел еркіндігі, өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар дербес ел.

Қазақ халқы - Қазақстан мемлекетін құрушы ұлт. Қазақ Қазақстанда ғана басты ұлт болып саналады, ал басқа мемлекеттерде "қазақ диаспорасы".

Ұлан гвардиясы – қазақ әскерінің үлгілі гвардиясы, Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен 1992 жылы 16 наурызда құрылған элиталық ішкі әскер.

Космополитизм – әр ұлттың төл мәдениетін дамытудан гөрі жаһандану процесі арқылы бүкіләлемдік бірегей мәдениет қалыптастыруды артық көретін шектеулі дүниетанымдық бағыт. Космополитизм ұғымын кез келген саласынан жақтайтын адамдарды космополит дейді.

3. Бағдарлама тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
1. Патриотизмді, қазақстандық патриотизмді зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері.	1.1. Патриотизмнің теориялық аспектілері, негізгі белгілері. Патриоттық тәрбиенің түрлері, тәсілдері
	1.2. «Қазақстандық патриотизм» ұғымының мәні, құрылымы. Қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыру факторлары.
	1.3 «Мәңгілік Ел» құндылықтар жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыру және білім беру кеңістігін модельдеу
2. Патриотизм тарихи	2.1. Қазақстандық патриотизм студент жастардың

кұбылыс негізінде.	кұнды бағдары ретінде: тәсілдері, формалары, механизмдері, қалыптасу жағдайлары.
	2.2. Патриотизмнің жаңа ұлттық рухы. Елдің рухани жаңғыруы. Ұлттық дәстүр, ата-баба мұрасы, ана тілі, ата тарихы, діні, ділі рухында тәрбиелеу тәжірибесі.
	2.3. Студенттерді қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің әдістемесі. Ұлттық тәрбиенің патриоттық бағыттары.
3. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жолдары және әдістері.	3.1. ЖОО өткізілетін барлық пәндерде патриоттық тәрбиенің түрлері мен тәсілдерін қолдану. Патриоттық сананы қалыптатыру әдістемесі.
	3.2. Зерттеу мәселесіне қатысты айқындаушы, қалыптастырушы эксперимент нәтижелері мен қорытындылары.
	3.3. Тақырып бойынша алынған білімдерді, біліктер мен дағдыларды тәжірибеде қолдана алуға қабілетті, жоғары білімді мамандар даярлау сапасын арттыру
4. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі	4.1. Қоғамдағы, еңбектегі патриоттық рух. Қазақ елінің қазіргі патриоттары.
	4.2. Туып өскен жерінің тарихын, географиялық-табиғи ескерткіштерін, мәдениетін, киелі жерлерін білу
	4.3. Білім және тәрбие берудің заманауи трендтерін пайдалана отырып, қазақстандық отансүйгіштіктің қасиеттері мен құндылықтарын игеру.
	4.4. ЖОО ПОҚ құрамы өздері білім беріп отырған студенттерге дайындалған ссылқаның негізінде эксперимент жұмыстарын жүргізу. Университеттерде оқитын 3-курс студенттеріне «Сіз өзіңізді Қазақстанның патриотымын деп есептейсізбе?» тақырыбында сауалнама аясында тәжірибе жасалынады.
5. Патриоттық тәрбие берудің әлемдік тәжірибесіне тарихи	5.1. Америка құрама штаттарында жастарға патриоттық тәрбие беру ерекшеліктері.
	5.2. Туркия, Жапония, Корея, Қытай, Орта Азия

талдау	елдеріндегі отансүйгіштікке тәрбиелеу бағыттары.
	5.3. Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Израиль мемлекеттерінің патриоттық тәрбие бойынша жазылған еңбектеріне талдау.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – Жоғары оқу орындарында жастарға патриоттық тәрбие беру қызметіне жауапкершілік пен кадрлық жағынан қамтамасыз ету. Қоғам талап ететін тұлғаны қалыптастыру. Қоғамның бізден талап етіп отырған басты бағыттары - ең алдымен адами қасиеті өте жоғары, ізгілікті, өз отанын кез-келген жағдайда қорғауға дайын тұру, елінің мәртебесін өзінің жеке бас мүддесінен биік қою, әрдайым адамдарға адал қызмет ету, өзінің Отанына деген махаббатын сөзбен емес, іспен көрсету.

Бағдарлама міндеттері:

1. Студенттерді қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің әдістемелік мәні мен ерекшеліктерін анықтау.
2. студенттердің патриоттық тәрбиесіне әсер ететін факторларды ашу.
3. қазақстандық патриотизмнің неғұрлым тиімді кешенді формаларын анықтау.
4. студенттердің отансүйгіштігін қалыптастыруды ынталандыратын интерактивтік білім беру ортасының тұжырымдамасын әзірлеу және іс жүзінде іске асыру.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) Патриотизмді, қазақстандық патриотизмді зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері;
- 2) Патриотизм тарихи құбылыс негізінде;
- 3) Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жолдары және әдістері;
- 4) Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі;
- 5) Патриоттық тәрбие берудің әлемдік тәжірибесіне тарихи талдау;

1-модуль. Патриотизмді, қазақстандық патриотизмді зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері. Ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының ЖОО оқу-тәрбие процесін басқару мен ұйымдастыруда басшылыққа алынатын негізгі бағыттары мен қағидаттарын анықтауға мүмкіндік береді.

2-модуль. Патриотизм тарихи құбылыс негізінде. Тақырыпты зерделеу барысында ЖОО оқытушылары қазақстандық патриотизмнің жекелеген аспектілерімен, алғышарттарымен танысады, модуль бойынша сараптамалық талдау жасайды; ұғымдары мен принциптерін меңгереді.

3-модуль. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жолдары және әдістері. Тарих ғылымының елеулі нысанына айналып отырған «патриотизм» ұғымы ұғым ретінде ертеректе пайда болғандығы әр кезеңде өзіндік көзқарастары болғандығы түсіндіріледі. Қазақстандық патриотизм мәселесі қазіргі таңда еліміздің аса маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі болып отыр, сондай-ақ тәуелсіз еліміздің ғаламдық өркениет ортасынан өзінің лайықты орнын алуына бірден-бір себеп болатын маңызды ерекше өлшемнің біріне айналып отырғандығы қарастырылады.

4-модуль. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі. Оқытушының қазақстандық патриотизм туралы теориялық және методологиялық білімін оқу іс-әрекетінде студенттің адамгершілік тәрбиесін дамытуға, азаматтық позициясын қалыптастыруға қолдану. Білім және тәрбие процесінде студенттерге қазақстандық патриоттық тәрбие беруді тәрбиенің негізі ретінде қарастыру.

5-модуль. Патриоттық тәрбие берудің әлемдік тәжірибесіне тарихи талдау. Шетелдік тәжірибені зерттеу, зерттеушіге мәселенің жаңа көзқарастары мен оларды шешудің жолдарын ашады, сонымен бірге өз еліндегі проблеманың жай-күйін тереңірек және толық түсінуге мүмкіндік береді, өйткені оның ерекшеліктері салыстыруда айқын көрінеді.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары бойынша курс онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды;

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, пікіралмасу, өзіндік жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру процесін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында тестілеу және кері байланыс жұмыстары жүргізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Онлайн және офлайн оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (72 сағат)

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс - вебинар	Таңдау дәрісі	Тәжірибелік жұмыс	Дөңгелек үстел	шікіралмасу	Тест	Барлығы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
I.	Патриотизмді, қазақстандық патриотизмді зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері.	6						6
1.1	Патриотизмнің теориялық аспектілері, негізгі белгілері. Патриоттық тәрбиенің түрлері, тәсілдері	2						2
1.2	«Қазақстандық патриотизм» ұғымының мәні, құрылымы. Қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыру факторлары.	2						2
1.3	«Мәңгілік Ел» құндылықтар жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыру және білім беру кеңістігін модельдеу	2						2
2	Патриотизм тарихи құбылыс негізінде.	10		4	2			16
2.1	Қазақстандық патриотизм студент жастардың құнды бағдары ретінде: тәсілдері, формалары, механизмдері, қалыптасу жағдайлары.	2						2

2.2	Патриотизмнің жаңа ұлттық рухы. Елдің рухани жаңғыруы. Ұлттық дәстүр, ата-баба мұрасы, ана тілі, ата тарихы, діні, ділі рухында тәрбиелеу тәжірибесі.	2						2
2.3	Студенттерді қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің әдістемесі. Ұлттық тәрбиенің патриоттық бағыттары.	6		4	2			8
3	Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жолдары және әдістері.	12		20		4		36
3.1	ЖОО өткізілетін барлық пәндерде патриоттық тәрбиенің түрлері мен тәсілдерін қолдану. Патриоттық сананы қалыптатыру әдістемесі.	2						26
3.2	Зерттеу мәселесіне қатысты айқындаушы, қалыптастырушы эксперимент нәтижелері мен қорытындылары.			4		4		4
3.3	Тақырып бойынша алынған білімдерді, біліктер мен дағдыларды тәжірибеде қолдана алуға қабілетті, жоғары білімді мамандар даярлау сапасын арттыру	10		16				2
4	Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі			8			2	10
4.1	Қоғамдағы, еңбектегі патриоттық рух. Қазақ елінің қазіргі патриоттары.			2				2

4.2	Туып өскен жерінің тарихын, географиялық-табиғи ескерткіштерін, мәдениетін, киелі жерлерін білу			2				
4.3	Білім және тәрбие берудің заманауи трендтерін пайдалана отырып, қазақстандық отансүйгіштіктің қасиеттері мен құндылықтарын игеру.			2				2
4.4	ЖОО ПОҚ құрамы өздері білім беріп отырған студенттерге дайындалған ссылқаның негізінде эксперимент жұмыстарын жүргізу. Университеттерде оқитын 3-курс студенттеріне «Сіз өзіңізді Қазақстанның патриотымын деп есептейсізбе?» тақырыбында сауалнама аясында тәжірибе жасалынады.			2			2	4
5	Патриоттық тәрбие берудің әлемдік тәжірибесіне тарихи талдау		4					4
5.1	Америка құрама штаттарында жастарға патриоттық тәрбие беру ерекшеліктері.							
5.2.	Туркия, Жапония, Корея, Қытай, Орта Азия елдеріндегі отансүйгіштікке тәрбиелеу бағыттары.							
5.3.	Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Израиль мемлекеттерінің патриоттық тәрбие бойынша жазылған еңбектеріне талдау.							
	БАРЛЫҒЫ:	28	4	32	2	4	2	72

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Біліктілікті арттыру курсы бойынша құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін оқытушы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және оқытушылардың білімін бақылау мен бағалау нысаны оқытушының таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) **Тестілеу.** Тестілеу 1-5 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

№	Модульдердің тақырыптары	Сағат саны	Сұрақтар /балл саны
1.	Патриотизмді, қазақстандық патриотизмді зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелері.	6	3
2	Патриотизм тарихи құбылыс негізінде.	16	7
3	Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу жолдары және әдістері.	36	10
4	Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі	10	6
5	Патриоттық тәрбие берудің әлемдік тәжірибесіне тарихи талдау	4	4
	БАРЛЫҒЫ:	72	30

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

Бағалау	Орындаудың %-дағы ауқымы	Баллдар
5	90%-100%	54-60
4	75-89%	45-53
3	50-74%	30-44
2	50% жуық	40 баллдан кем емес

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратор (оқытушы) қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі оқу процесін ұйымдастыру оқу орны бекіткен және кәсіпорынмен (ұйыммен) келісілген, тиісті үлгілік оқу жоспарларының және бағдарламалар негізінде әзірленген оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес жоспарлауға, кәсіби қызметіндегі қиындық аймағын анықтауға

көмектесу, оларды түзету және одан ары қарайғы ынтымақтастықтың жоспарын құруды;

2-кезең – қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің жаңашылдық әдістемесі бойынша оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша консультативті көмек көрсетеді, әртүрлі байланыс құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), қызметтерді (Google - Duo, Hangouts және т.б.) пайдалана отырып, кеңестер, онлайн іс-шаралар өткізеді және курсты оқыту шеңберінде басқа да құзыреттерді жүзеге асырады. Интернет платформаларын пайдаланып тәлімгерлік жұмысты жүргізеді;

3-кезең – курс кураторы (оқытушы) ЖОО оқытушыларының құзыреттілігін дамыту үшін қажетті қолдауды:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейде) сөз сөйлеу;
- кәсіби жарыстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);
- ғылыми-әдістемелік мақалаларды облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында (авторлық бірлестікте болуы мүмкін) жариялайды;

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен) (<http://adilet.zan.kz>)
3. Ахметова. Л. С. Проблемы патриотического воспитания казахстанцев в условиях командно-административной системы. 1946-1991гг. (по материалам средств массовой информации). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. -Алматы 1998г. стр. 46.
4. Мұртаза Ш., Смайылов К. Елім саған айтам, ел басы, сен де тыңда. Алматы, 1998. 176 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздіктің бес жылы. Алматы, 1996. 126 б.
6. Лутовинов В.И. Патриотизм и проблемы его формирования у Российской молодежи в современных условиях. Диссертация на соискание ученой степени доктора философских наук. Москва, 1998. С. 27.
7. Соловьев В.С. Сочинения в 2 томах. Москва, 1988. Т. 1. С. 378.

8. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. Алматы: «Қазақстан», 1994. 3-50 бб.
9. Сайт Федеральный службы государственной статистики. URL: http://www.gks.ru/wps/wcm/connect/rosstat_main/rosstat/ru/statistics/population/demography, Гиндин Е.М. Патриотическое воспитание подростков в Израиле. Формирование патриотизма у молодежи средствами социокультурной деятельности.
10. Hafezi P. Many Iranians, rich and poor, want real change // The Washington Post. -2008. -03/10
11. Қалмырзаев. Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалытасады?// Егемен Қазақстан. 10-қаңтар, 1998 ж. 2б.
12. Назарбаев. Н. Ә. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп – өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы 1997ж. 176б.
13. Мұртаза. Ш., Смайылов. К. Елім саған айтам, ел басы, сен де тыңда. – Алматы 1998ж. 176б.
14. Ахметова. Л. С. Проблемы патриотического воспитания казахстанцев в условиях командно-административной системы. 1946-1991гг. (по материалам средств массовой информации). Докт. диссер. -Алматы 1998г. стр. 46.
15. Назарбаев. Н.Ә. Тәуелсіздіктің бес жылы.- Алматы. 1996. 126б.
16. Лутовинов В.И. Патриотизм и проблемы его формирования у Российской молодежи в современных условиях. Диссертация на соискание ученой степени доктора философских наук. – Москва. 1998. с. 27
17. Соловьев В.С. Сочинение в 2 томах. – Москва. 1988. – Т. 1. стр.378.
18. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. Алматы. «Қазақстан» 1994ж. 3-56б.